**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның

**ШЕШІМІ**

2026ж 29 шілде № 43/323

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

_____ сессии

город Приозерск

**«Приозерск қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 279-НҚ бұйрығымен бекітілген облыстың (қаланың, ауданның) Құрметті азаматы атағын берудің Үлгілік қағидаларына сәйкес, Приозерск қаласы әкімінің 2026 жылғы 16 шілдедегі № 3-18/353-И ұсынысы негізінде Приозерск қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына қосқан ерекше үлестері, еліміздің тұтастығын сақтауға, ұлтаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға сіңірген еңбектері, сондай-ақ қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқандары үшін «Приозерск қаласының Құрметті азаматы» атағы:

1) Еңбек ардагері, зейнеткер Жалмұрат Кеңесұлы Кенесовке;

2) Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің 03080 әскери бөлімі командирінің орынбасары Валерий Васильевич Вороновқа;

3) Қалалық мәслихат депутаты, «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі әдіскері, Приозерск қаласы әкімінің мүгедектік мәселелері жөніндегі кеңесшісі Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаевқа берілсін.

2. Осы шешім жергілікті масс-медиада жариялансын.

3. Осы «Приозерск қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы» шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000273

ПРИОЗЕРСК
ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫ

ПРИОЗЕРСКИЙ
ГОРОДСКОЙ
МАСЛИХАТ

XLIII сессияның
**ШЕШІМІ**
2026 ж 29 шілде № 43/325
Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**
_____ сессии
город Приозерск

**Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36186 болып тіркелген) сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000278

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның

**ШЕШІМІ**

2026 ж 29 шілде № 43/324

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

_____ сессии

город Приозерск

**Приозерск қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін бекіту туралы» Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3/30 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6296 тіркелген);

2) Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3/30 «Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 28 қазандағы № 9/78 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25244 тіркелген).

2. «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Приозерск қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000277

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

_____ сессияның

**ШЕШІМІ**

2026 ж 29 шілде № 43/326

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

XLIII сессии

город Приозерск

**Приозерск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 08 тамыздағы № 19/152 «Мүгедектер істері жөніндегі қалалық Кеңес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер істері жөніндегі қалалық Кеңес құрамын бекіту туралы комиссияның құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Комиссия құрамынан Қасымова Унара Ержанқызы, Шымырбаева Бақыт Өмірзаққызы, Қарабеков Нұрғали Кыдырмұратұлы шығарылсын;

2) Комиссия құрамына:

- Зарықхан Ақмарал – Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы, кеңестің хатшысы;

- Майбасов Бейбіт Әликұлұлы - «Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі, кеңестің мүшесі;

- Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы - Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі әдіскері, кеңестің мүшесі енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000279

**ПРИОЗЕРСК**
**ҚАЛАЛЫҚ**
**МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ**
**ГОРОДСКОЙ**
**МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның
**ШЕШІМІ**
2026 ж 29 сәуірде № 43/327
Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**
_____ сессии
город Приозерск

**Приозерск қалалық мәслихатының 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 40/303 «Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды бейімдеу бойынша консультациялық–кеңесші органның құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды бейімдеу бойынша консультациялық–кеңесші органның құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Комиссия құрамынан Бұқпантаев Серікбай Тұрсынбекұлы, Мираманов Мирзияд Мирзахматович шығарылсын;

2) Комиссия құрамына:

- Бек Танирбергенович Джарылгапов – «Приозерск қаласының ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның директоры;

- Ерік Таткенұлы Балтышев – «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің басшысы енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000280

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның

**ШЕШІМІ**

2026 ж 19 маусым № 43/328

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

_____ сессии

город Приозерск

**Қалалық эвакуациялық комиссиясының құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 23/190 «Қаланың эвакуациялық қабылдау комиссия құрамын бекіту туралы» шешімінің күші жойылсын.

2. Қалалық эвакуациялық комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М.Акимова) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А.Исатаев**

000281

**ПРИОЗЕРСК**
**ҚАЛАЛЫҚ**
**МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ**
**ГОРОДСКОЙ**
**МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның
**ШЕШІМІ**
2026 ж 29 шілде № 43/329
Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**
_____ сессии
город Приозерск

**Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 05 қыркүйектегі № 31/240 «Приозерск қаласының әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласының әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Комиссия құрамынан: Алтынай Төребекқызы Рахимбаева, Азамат Сметұлы Сметов, Мирзияд Мирзахматұлы Мираманов шығарылсын.

2) Комиссия мүшесі ретінде:

-Жәнібек Досболұлы Ануарбеков, Приозерск қаласы әкімі аппаратының басшысы;

-Айбол Ерғалиұлы Ганиоллин, Приозерск қаласы полиция бөлімінің бастығы;

- Бек Тәнірбергенұлы Жарылқап, «Приозерск қаласы ауруханасы» Комуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры;

- Серікбай Тұрсынбекұлы Бұқпантаев, «Приозерск қаласы әкімінің аппараты терроризмге қарсы комиссия бойынша бас инспекторы, комиссия хатшысы енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000282

**ПРИОЗЕРСК**
**ҚАЛАЛЫҚ**
**МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ**
**ГОРОДСКОЙ**
**МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның
**ШЕШІМІ**
2026 ж 29 шілде № 43/330
Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**
_____ сессии
город Приозерск

**Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 2/18 «Тұрғын үй комиссиясының құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тұрғын үй комиссиясының құрамын бекіту туралы комиссияның құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Тұрғын үй комиссиясының құрамынан Абдикаримов Диас Калибекұлы шығарылсын.

2) «Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Татибеков Данияр Мейрханұлы, комиссия мүшесі ретінде енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияға (Т. Қарабалаевқа) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000283

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

XLII сессияның

**ШЕШІМІ**

2024 ж 19 шілде № 43/331

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

_____ сессии

город Приозерск

**Приозерск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 08 тамыздағы № 19/137 «Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штабын құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штабын құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Штаб құрамынан Балабеков Дамир Құдайбергенұлы, Штаб хатшылығынан Оспанбаева Дилназ Оралқызы шығарылсын.

2) Штаб құрамына мүшесі ретінде:

- Приозерск қаласы полиция бөлімінің Криминалдық полиция тобының уәкілі Бейсембай Еламан Қабылбекұлы (келісім бойынша);
- Приозерск гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры әділет майоры Тұғыров Рауан Мұхаметқанұлы (келісім бойынша);
- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық өңірлік әскери тергеу басқармасы Қарағанды бөлімі Приозерск тобының аға тергеушісі Тускеев Бауыржан Мырзабекұлы (келісім бойынша);
- Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің алдын алу офицері Сауырбаев Бауыржан Нұрланұлы (келісім бойынша);
- Штаб хатшылығына, әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің заң кеңесшісі Хасанов Тимур Фархадович енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000284

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның

**ШЕШІМІ**

2024 ж 29 шілде № 43/332

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

_____ сессии

город Приозерск

**Приозерск қаласы мәслихатының 2024 жылғы 08 тамыздағы № 19/156 «Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі комиссиясын құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі комиссиясын құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Комиссия құрамынан Рахимбаева Алтынай Төребекқызы, Мираманов Мирзияд Мирзахматович, комиссия хатшылығынан Шуженова Аида шығарылсын.

2) Комиссия құрамына Приозерск қаласы полиция бөлімінің бастығы Ганиоллин Айбол Ерғалиұлы, төрағаның орынбасары ретінде (келісім бойынша);

- Приозерск қаласы әкімі аппаратының басшысы Ануарбеков Жәнібек Досболұлы, мүшесі ретінде;
- «Приозерск қаласының ауруханасы» КМК директоры Жарылқап Бек Тәнірбергенұлы, мүшесі ретінде (келісім бойынша);
- Приозерск гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры әділет майоры Тұғыров Рауан Мұхаметқанұлы, мүшесі ретінде (келісім бойынша);
- ҚР ІІМ орталық өңірлік әскери тергеу басқармасы Қарағанды бөлімі Приозерск тобының аға тергеушісі Тускеев Бауыржан Мырзабекұлы, мүшесі ретінде (келісім бойынша);
- Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің алдын алу офицері Сауырбаев Бауыржан Нұрланұлы, мүшесі ретінде (келісім бойынша);
- № 44841 әскери бөлімінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің орынбасары Жұмағұлов Асылжан Есенбулатұлы, мүшесі ретінде (келісім бойынша);
- № 06708 әскери бөлімінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің орынбасары Арыстанов Қуандық Бахытжанұлы, мүшесі ретінде (келісім бойынша);

000286

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның

**ШЕШІМІ**

2026 ж 29 қаңтар № 43/333

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

_____ сессии

город Приозерск

**Приозерск қаласы мәслихатының 2024 жылғы 08 тамыздағы № 19/158 «Приозерск қаласының әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссиясын құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласының әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссиясының құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Комиссия құрамынан Рахимбаева Алтынай Төребекқызы, комиссия хатшылығынан Оспанбаева Дилназ Оралқызы шығарылсын

2) Комиссия құрамына:

Приозерск қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің заң кеңесшісі Хасанов Тимур Фархадович комиссия хатшысы ретінде;

- Приозерск қаласы полиция бөлімінің бастығы Ганиоллин Айбол Ерғалиұлы, төрағаның орынбасары ретінде (келісім бойынша);
- Приозерск қаласы әкімі аппаратының басшысы Ануарбеков Жәнібек Досболұлы, комиссия мүшесі ретінде;
- «Приозерск қаласының тұрғын-үй қатынастары және тұрғын-үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы Татибеков Данияр Мейірханұлы, мүшесі ретінде;
- «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ басшысы Балтышев Ерік Таткенұлы, комиссия мүшесі ретінде енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000287

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

XL III сессияның

**ШЕШІМІ**

2026 ж 29 қаңтар № 43/334

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

_____ сессии

город Приозерск

**Приозерск қаласы мәслихатының 2024 жылғы 08 тамыздағы № 19/155 «Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

Комиссия құрамына комиссия мүшесі ретінде Приозерск қаласы қоғамдық кеңестің төрағасы Аринов Айбын Төлеуұлы енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

000288

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ**

XLIII сессияның

**ШЕШІМІ**

2026 ж 29 ақпан № 43/335

Приозерск қаласы

**РЕШЕНИЕ**

_____ сессии

город Приозерск

**Приозерск қаласы мәслихатының 2026 жылғы 27 ақпандағы № 38/292 «Приозерск қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссиясының құрамына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Штаб құрамынан Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы шығарылсын.

2) Штаб құрамына комиссия мүшесі ретінде Приозерск қаласы қоғамдық кеңестің төрағасы Аринов Айбын Төлеуұлы енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

**Қалалық мәслихат төрағасы** **А. Исатаев**

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ МЕКЕМЕСІ * БСН 990540002434

000290